

**Қарасу негізгі мектебі КММ**  
**Қамқоршылық кеңесінің отырыстырының жоспары**  
**2021 оқу жылы**

отырыстар	қаралатын мәселелер	уақыты	аяқталу нысаны
<b>I</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 28.09.2018 ж № 510 бұйрығының 2.20. тарауы негізінде білім беру ұйымының бос тұрған директорлық лауазымына лайықты кандидатты ұсыну</li> <li>2. Мектептің перспективалық даму жоспарымен танысу</li> <li>3. Ағымдағы мәселелер</li> </ol>	22 ақпан 2021 жыл	хаттама
<b>II</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мектеп оқушыларының жазға демалысын тиімді ұйымдастыру жолдары, әлеуметтік жағдайларына байланысты көп балалы отбасы балаларын қала сыртындағы демалыс лагеріне жіберу А.Т.Дүйсегалиева (ДТЖО)</li> <li>2. Ағымдағы мәселелер</li> </ol>	08 маусым 2021 жыл	хаттама
<b>III</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мектепте оқығудың штаттық режимінде санитарлық талаптардың сақталуы Л.Ж. Аманғалиева (мектеп директоры)</li> <li>2. Әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларын егін ыстық тамақпен қамтылуы М.О.Асанғалиева (әлеуметтік педагог)</li> </ol>	08 қыркүйек 2021 жыл	хаттама
<b>IV</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысының талдауы Б.Асылбаев (қамқоршылық кеңесінің төрағасы)</li> <li>2. Оқу жылының 1-ші тоқсанында өткен іс – шаралар қорытындысы. Сақтық шаралары мен мектеп тазалығының жәй – күйі А.Т.Дүйсегалиева (ДТЖО)</li> <li>3. Жаңа – жылдық шырша мерекесіне орай оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету, әкім шыршасына оқушылар ұсыну М.О.Асанғалиева (әлеуметтік педагог)</li> </ol>	02 желтоқсан 2021 жыл	хаттама

Қамқоршылық кеңесі отырысының  
№ 1 хаттамасы

22 ақпан 2021 жылы

Қарасу негізгі мектебі

Қатысқандар – төрағасы: Б.Асылбаев

Хатшы: А.Т.Дуйсегалиева

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Т.Ізбасарова, Ө.Ажмуханбетов, М. Ж.Жаңабаев,  
Д.А.Нұртаев, Ж.Б.Батырғалиева, А.Құспанғалиева,  
Қ.К.Жолшаров, Э.А.Жауынбаева.

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 28.09.2018 ж № 510 бұйрығының 2.20. тарауы негізінде білім беру ұйымының бос тұрған директорлық лауазымына лайықты кандидатты ұсыну
2. Мектептің перспективалық даму жоспарымен танысу

**Тыңдалды:**

- **Мектеп директорының міндетін атқарушы Л.Ж.Аманғалиева** мектептің перспективалық даму жоспарымен таныстырып, айтып өтті.

Мектептің перспективалық даму жоспары үш кезеңді қамтиды.

I кезең дайындық – 2020 – 2021 оқу жылы;

II кезең – көшу кезеңі – 2021 – 2022, 2022 – 2023 оқу жылы. Соңғы кезең қорытындылау, жинақтау кезеңі – 2023 жыл.

Мектепте барлық балаға білім беру жағдайы жасалады. Биылғы оқу жылында 51 оқушы білім алып, мектепалды даярлық сыныбында 7 бала тәрбиеленуде. Сабақ қазақ тілінде жүргізіледі. Мектепте 24 мұғалім қызмет етеді. Олардың біреуі – педагог зерттеуші, екеуі – педагог сарапшы, біреуі – модератор. Сапалық көрсеткішпен есептегенде – 45 пайызды көрсетеді.

**Сөйлеушілер:**

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Б.Асылбаев**

- Осы уақытқа дейін 28 жыл бойы жақсы мұғалім болып, мектептегі қызу жұмыстардың ортасында жүрген беделді маман. Жетістіктері мен жаңалыққа құмар Лаззат Жусағалиевнаның алдағы жоспарын тыңдап, жоспарлаған жұмыстарына көңілім толып, өз ісіне тиянақты, мұқият, талапшыл қызметкер. Сол себепті басшылық қызметке ұсынып, әттілік тілеймін.
- 1) Ауылдық кітапханашы **Т. Ізбасарова** - мектептің перспективалық даму жоспарымен танысып шықтық. Ауыл кітапханашысы есебінде болып жатқан іс-шаралардың ортасында жүріп, куә болып жүрмін. Жас болса да атқарып жүрген жұмыстарыңызға оң баға бере отырып, алдағы уақытта да жақсы басшы бола алады деп, сенің кандидатуранды қолдаймын.

- 2) **Жанабаев М** - жалпы жоспармен таныстым, жоспар ұнады, мектебіміздің жағдайына сай жаслған. Жұмыс жасаған уақытында көптеген жұмыстар атқарды. Аманғалиева Лаззат Жұмағалиевнаның ұйымдастырушылық қабілеті жақсы, өз ортасында тіл табыса алатын, алдағы уақытта жақсы жұмыс жасай алатынын атап айтып, бос тұрған мектеп директорының лауазымына ұсынамын.
- 3) **Құспанғалиева А** – мектептің даму жоспарымен таныстым. Осы уақытқа дейін жасаған жұмысын әрі қарай жалғастара алатынын сеніммен айта отырып, Лаззат Жумағалиевнаның кандидатурасын қолдаймын.
- 4) **Батырғалиева Ж** – Мектептің перспективалық жоспармен таныстым. Мектеп директорлығына үміткер Лаззат Жумағалиевнаның кандидатурасын қолдаймын. Жақсы маман, болашағы алда, алдағы уақытта жақсы жұмыс жасайды деп сенемін.










Қарсы – қалыс жоқ, кеңес отырысы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мектептің даму жоспары есепке алынсын;
2. Жоспарланған іс – шаралар уақытылы ұйымдастырылсын;
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 28.09.2018 ж № 510 бұйрығының 2.20. тарауы негізінде білім беру ұйымының бос тұрған директоры лауазымына Аманғалиева Лаззат Жумағалиевна ұсынылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

 Б.Асылбаев  
 Т.Е.Избасарова  
 Ө.Ы.Ажмуханбетов  
 М. Ж.Жанабаев  
 Д.А.Нұртаев  
 Ж.Б.Батырғалиева  
 А.А.Құспанғалиева  
 К.К.Жолшаров  
 Э.Н.Жауынбаева



Қамқоршылық кеңесі отырысының  
№ 2 хаттамасы

08 маусым 2021 жылы

Қарасу негізгі мектебі

Қатысқандар – төрағасы: Б.Асылбаев

Хатшы: А.Т.Дуйсегалиева

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Т.Ізбасарова, Ө.Ажмуханбетов, М. Ж.Жанабаев,  
Д.А.Нұртаев, Ж.Б.Батырғалиева, А.Құспанғалиева,  
Қ.К.Жолшаров, Э.А.Жауынбаева.

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Мектеп оқушыларының жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру жолдары, әлеуметтік жағдайларына байланысты көп балалы отбасы балаларын қала сыртындағы демалыс лагеріне жіберу
2. Ағымдағы мәселелер

**Тыңдалды:**

**Директордың тәрбие – ісі жөніндегі орынбасары А.Т.Дуйсегалиева**

Биылғы оқу жылының жазғы демалысында мектеп жанынан жазғы демалыс алаңы ұйымдастырылып, оған дайындық сыныбы мен 6 сынып арасындағы оқушылар камтылады. Сонымен бірге, қала сыртындағы лагерге екі оқушы жіберіледі. Сол қала сыртындағы демалыс лагеріне балаларын жіберуге тағы 4 оқушының ата – анасынан өтініш түсіп отыр. Сол Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы «КӨКЖАР - БӘЙТЕРЕК» қала сыртындағы демалыс лагеріне көп балалы отбасының балалары 8 – сынып оқушысы Берекет Бек Бектасұлы мен 6 – сынып оқушысы Елубаев Жақсыбек Ерланұлын және жалғыз басты әке тәрбиесінде тәрбиеленуші Төлеубаев Архат пен Төлеубаев Нұрхатты жіберуге ұсыныс жасап отырмыз. Себебі бұл оқушылар мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысатын, жақсы оқитын оқушылар. Бұл оқушылардың отбасыларына материалдық акт жасалды. Табыс кірісі аз, отбасында бірнеше бала мектеп жасында және мектеп жасына жетпегендіктен, ата – аналары өз қаражаттарымен демалыс орнына жібере алмағандықтан, мектеп әкімшілігі қамқоршылық кеңесінің отырысына ұсынып отырмыз.

**Сөйлеушілер :**

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Б.Асылбаев**

- Қазіргі уақытта балаларда бос уақыт көп, бірақ сол бос уақытты тиімді пайдаланып жатқан жоқ. Балалар ұялы телефонға әуес, одан не қарап жатыр, немен айналысып жатыр оны бір ата – ана білсе, бірі білмейді. Міне осындай тиімді демалыс орындары көп болып, оған баруға тілік білдіріп отырған балаларды жіберуге өз атымнан қарсылығым жоқ.


**Камкорштылык кенесинин мүшеси: Т.Е.Избасарова**

Менде Базарбай атайдын пікірімен толгыктай косыламын. Өсірсө ұсынылым отырган окушылар белсенді, жақсы оқитын, отбасылык жатдайлар ескеріліп отырандыктан дұрыс шешім. Окушыларды осындай пайдалы жерлерге жіберіп, демалыш келгеннен кейін баска багаларға кызыкты сәтері туыраы кездесулер ұйымдастырып, ол окушыларды да кызыктырып тарту білу керек деген ұсынысым бар.

Айтылган пікір мен ұсыныстарға карсы, калыс жок. Камкорштылык кенес отырысы КАУЛЫ ЕТІДІ:

1. Әлеуметтік жатдайлар мен ұсынылган пікірлерге байланысты төмендегі окушылар :  
Елүбаев Ж 6 сынып, көп багалы отбасы;  
Беркет Б 8 сынып окушысы, көп багалы отбасы;  
Төлеубаев Архат 6 сынып окушысы, жалғыз басты әке тарбиесінде;  
Төлеубаев Нұрхат 8 сынып окушысы, жалғыз басты әке тарбиесінде;  
Жұмабекқұлы Ерасыл 8 сынып окушысы, АӘК алатын отбасы;  
Жұмабекқызы Көркем 5 сынып окушысы, АӘК алатын отбасы  
кага сыртындағы демалыс лагеріне жіберілісін.

2. Мектеп жанындағы демалыс алаңына дайындық сыныбы мен 6 сынып окушылары түгел қамтылып, кызыкты, тартымды ұйымдастырылысын.

Камкорштылык кенесинин төрағасы:   
Камкорштылык кенесинин мүшелери:  
Б. Асылбаев  
Т. Е. Избасарова  
Ө. Б. Ажмуханбетов  
М. Ж. Жанбаев  
Д. А. Нұртаев  
Ж. Б. Батырғалиева  
А. А. Құспанғалиева  
К. К. Жолшаров  
Э. Н. Жауынбаева

## Қамқоршылық кеңестің отырысының

### № 3 хаттамасы

08.09.2021 жыл

Қарасу негізгі мектебі

Қатысқандар – төрағасы: Б.Асылбаев

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Т.Ізбасарова, Ө.Ажмуханбетов, М.Ж.Жаңабаев, Д.А.Нұртаев, Ж.Б.Батырғалиева, А.Құспанғалиева, К.Жолшаров, Э.А.Жауынбаева  
Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары: Л.Аманғалиева  
Мектептің әлеуметтік педагогі: М.Асанғалиева

### Күн тәртібінде:

1. Мектепте оқытудың штаттық режимінде санитарлық талаптардың сақталуы
2. Әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларын тегін ыстық тамақпен қамтылуы
3. Ағымдағы мәселелер

### Тыңдалынды:

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы : Л.Аманғалиева** айтып өтті.

Қазіргі таңда мектепте 1 – 9 сыныптар арасында 51 оқушы, МАД тобында – 7 оқушы білім алады. Барлығы 9 класс комплект. № 611 санитарлық эпидемиологиялық талаптарды сақтау мақсатында толымдылығы біріктірілген сағаттар саны мен сыныптар ашылып , 9 класс комплектісі оқып жатыр.

I ауысымда 28 оқушы, II ауысымда 23 оқушы және МАД тобының 7 оқушысы бар. Санитарлық талаптар толық сақталып, дәстүрлі түрде оқуын жалғастыруда.

**Екінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы М.Асанғалиева** айтып өтті. Мектебімізде атаулы әлеуметтік көмек алатын 2 отбасы бар. Отбасылардың атаулы көмек алатындығы туралы анықтаманы маған тапсырды. Осы анықтаманың нәтижесінде Жолшаровтар мен Қабиеттар отбасы атаулы әлеуметтік көмек алатындығы расталды. Осы отбасылардың балалары 4 оқушы мектебімізде білім алады. Осыған сәйкес мектебімізден тегін ыстық тамақпен қамтылуы тиіс.

### Сөйлегендер:

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Б.Асылбаев:**

- Мектебімізде дәстүрлі режимде білім беруде санитарлық нормалар талапқа сай сақталғанын көріп отырмыз. Алдағы уақытта да санитарлық эпидемиологиялық талаптарды сақталып, жұмыстар жүргізілуі жалғасын таба берсін. Оқушылардың мектепке келіп оқығаны жақсы. Әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларының ыстық тамақпен қамтылуын қолдаймын.

**Мектеп мейірбикесі: Қ.А.Бекбосынова:**

- Мектепте санитарлық нормалар талапқа сай сақталып, ол үшін керек- жарақтар толық қамтылған. Барлық оқушылар мен мұғалімдер, мектеп қызметкерлеріне термометрия жүргізіліп, күнделікті арнайы журналдар толтырылып отыр. Мектепке кірушілерге есік алдында аяқ киімдерін залалсыздандыратын




дезинфекциялық кілемшелер төселген. Мектеп дәлізі мен сыныптарда бактерицидті шамдар мен санитайзерлер талапқа сай орналастырылды. Мектепке келіп – кетушілерде бетперде киіп, арақашықтық нормаларын орындап жүреді. Осы уақытқа дейін ерекше тіркеуге алынған оқушы, мұғалім не қызметкерлер болған жоқ. Екі аусым арасында және кешкі мезгілде барлық сыныптар мен дәліздерде кварц ақытымен қосылып, тазалық жұмыстары жүргізіледі.

Кенес мүшелері бір ауыздан қамқоршылық кеңесінің төрағасы Б.Асылбаевтың пікірін бір ауыздан қолдады. Қарсы – қалыс болған жоқ.

#### ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Санитарлық эпидемиологиялық талаптар қатаң түрде сақталсын.
2. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру тәртібінің үлгілік қағидаларына сай жұмыс жүргізілсін
3. Атаулы әлеуметтік көмек алатын 2 отбасы балалары ыстық тамақпен қамтылуға ұсынылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

  
Б.Асылбаев  
Т.Е.Ізбасарова  
Ө.Ы.Ажмуханбетов  
М.Ж.Жанабаев  
Д.А.Нұртаев  
Ж.Б.Батырғалиева  
А.А.Құспанғалиева  
Қ.К.Жолшаров  
Э.Н.Жауынбаева

**Қамқоршылық кеңесі отырысының  
№4 хаттамасы**

2 желтоқсан 2021 жыл

Қарасу негізгі мектебі

**Қатысқандар – төрағасы: Б.Асылбаев**

**Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:** Т.Ізбасарова, Ө.Ажмуханбетов,  
М.Ж.Жаңабаев, Д.А.Нұртаев,  
Ж.Б.Батырғалиева, А.Құспанғалиева,  
Қ.К.Жолшаров, Э.А.Жауынбаева

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысының талдауы.
2. Оқу жылының 1-ші тоқсанында өткен іс – шаралар мен оқу қорытындысы. Сақтық шаралары мен мектеп тазалығының жәй – күйі.
3. Жаңа жылдық шырша мерекесінде оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету.

**Тыңдалды:**

**Директордың тәрбие – ісі жөніндегі орынбасары: А.Т.Дуйсегалиева**

Облыстық білім басқармасының 2021 жылы 17.11.№2-5964 хаты негізінде, Ойыл аудандық білім бөлімінің 2021 жылғы 24 қарашадағы № 1115 бұйрығына сәйкес, 9 – 13 жас маралығындағы жетім, ата – ана қамқорлығынсыз қалған балалар, мүмкіндігі шектеулі (өз бетімен қозғала алатын) балалар, жақсы оқитын көп балалы және аз қамтылған отбасы балаларына арналған Қазақстан Республикасының Президенті атынан өткізілетін жаңа жылдық аудан әкімі шыршасына оқушылар ұсынуларыңызды сұраймын. Әлеуметтік статустарына қарай, оқудағы жетістіктерін де ескеру керек. Жаңа жылдық шыршаға шақыру тәртіптемесіне сәйкес біздің мектептен аз қамтылған 1 оқушы, көп балалы 2 оқушы баруы керек. Көп балалы отбасының балалары 2011 жылы туылған Бектасқызы Шехрезат және 2012 жылы туылған Жұмабекқызы Көркем. Аз қамтылған отбасыдан 2012 жылы туылған Жасанов Мирас Қуанышбекұлы ұсынамыз. Бұл оқушылардың сабақ үлгерімі жақсы, мектепшілік шараларға да белсене қатысады, әсіресе Бектасқызы Шехрезат пен Жұмабекқызы Көркем сабақтарын өте жақсы оқиды, сабақтан себепсіз қалмайды, оқу құралдары мен оқулықтарын ұқыпты ұстайды. Сіздердің қарсылықтарыңыз болмаса осы оқушыларды аудандық әкім шыршасына жіберуге сұраныс береміз.

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Б.Асылбаев**

2020 -2021 оқу жылында мектебімізде жақсы жаңалықтар мен жетістіктер көп болды. Атап айтсақ оқушылар мектепшілік шараларға белсенділікпен қатынасып, өз өнерлері мен білімдерін шыңдап жатыр. Аудандық пәндік олимпиадалардан да орындар алып өз жетістіктерін көрсетіп жатыр. Мектептегі тазалық мен сақтық



шараларының орындалуы өте жақсы. Қолдан келетін мүмкіндіктердің бәрі жасақталған. Биылғы жылы мектепке ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, есік – терезелер жаңартылып, еденге жаңа төсеніш төселді. Бұл да болса оқушыларымызға жақсы жағдайдың бірі, сонны мұқият ұстауымыз керек.

### Сөйлеушілер:

#### Т.Е.Ізбасарова

Қамқоршылық кеңестің жылдық есебін тыңдадық. Жасалған жұмыстарға риза болып отырмын. 1 тоқсанда өткен іс – шараларға тұрақты қатынастым. Мен құқық айлығы мен қатыгездік пен зорлық – зомбылықсыз балалық шақ онкүндік шараларға қатыстым. Шаралар өте жақсы деңгейде өтті, тәрбиелік мәні мен көрнекіліктері талапқа сай болды.

Аудандық әкім шыршасына көп балалы, аз қамтылған отбасы балаларының қатынасуын құптаймын.

#### Ж.Б. Батырғалиева

Жалпы қамқоршылық кеңесінің жұмысына, мектеп жұмысына ризамын. Әлі де табыс тілеймін. Жаңа жылдық шыршаға оқушыларды әлеуметтік жағдайларына қарай ұсынып отырғаны өте орынды. Менде аталған оқушылардың (Жасанов М, Бектасқызы Ш, Жұмабекқызы А) аудандық әкім шыршасына баруларына қарсы емеспін.

#### А.А.Құспанғалиева


Жаңа жылға ұсынылған оқушыларға қарсылығым жоқ. Мектебімізде жылда әлеуметтік статустарына қарай оқушыларды кезекпен жіберіп отыратыны құптарлық жайт.

### ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысына «қанағаттанарлық» деп бағалансын
2. Сақтық шаралары мен тазалық жайы жалғасын тауып, әлі де күшейтілсін.
3. Жаңа жылдық шыршаға аты аталған оқушылар Бектасқызы Шехрезет, Жұмабекқызы Ақерке, Жасанов Мирас қатынастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

  
Б. Асылбаев  
Т. Избасарова,  
Ө. Ажмуханбето  
Ж. Жаңабаев  
Д. А. Нұртаев,  
Ж. Б. Батырғалиева,  
А. Құспанғалиева  
Қ. К. Жолшаров,  
Ә. А. Жауынбаева